

Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша дайындық қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 350 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 6 қазанда № 15861 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы 2-тармағының 26-15) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 28.10.2023 № 1100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша дайындық қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаментіне Қазақстан Республикасының заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауын;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің интернет-ресурсында орналастыруын;

4) мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің Заң департаментіне ұсынуын қамтамасыз етсін.

3. "Азаматтарды әскери қызметке даярлау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2016 жылғы 11 тамыздағы № 384 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14110 болып тіркелген, 2016 жылғы 8 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.
5. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.
6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі
генерал-полковник

С. Жасұзақов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

_____ Е. Сағадиев
2017 жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2017 жылғы 12 шілдедегі
№ 350 бұйрығымен
бекітілген

Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша дайындық қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша дайындық қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша дайындаудың тәртібін анықтайды.

2. Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша дайындық Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында (бұдан әрі – ҚР ҚМ мамандандырылған ұйымдары) жүзеге асырылады.

3. Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша дайындық мыналарды қамтиды:

1) әскерге шақырылушыларды (әскери міндеттілерді) әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша оқытуды;

2) әскерге шақырылушыларды (әскери міндеттілерді) патриотизм және Қазақстан Республикасын қорғау жөніндегі өз азаматтық және әскери борышын орындауға әзір болу рухында тәрбиелеуді;

3) әскерге шақырылушыларды (әскери міндеттілердің) әскери ұжымда тез бейімделуіне мүмкіндік беретін тәртіптілік, орындаушылық және ұйымшылдық, сондай-ақ қойылған міндеттің орындалуына жоғары жауаптылық қасиеттерін қалыптастыруды;

4) әскерге шақырылушыларды (әскери міндеттілердің) қару-жарақ пен техника құрылымы бойынша қажетті білім алуын, оларға қызмет көрсету, жөндеу және қолдану

бойынша олардың әскерге шақырылғаннан кейін әскери қызмет өткеру кезеңінде өзінің штаттық лауазымы бойынша міндеттерін орындауға қысқа мерзімдерде кірісуге мүмкіндік беретін практикалық дағдыларға ие болуын.

2-тарау. Өтеусіз негізде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша әскерге шақырылушыларды дайындау тәртібі

4. Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша өтеусіз негізде дайындыққа денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды, он жеті жас алты айдан бастап жиырма алты жасқа дейінгі жастағы оқу бітіргеннен кейін мерзімді қызметке әскерге шақырылуға немесе жұмылдыру резервіне қабылдануға жататын азаматтар тартылады. Іріктелген әскерге шақырылушылармен жергілікті әскери басқару органдарының (бұдан әрі – ЖӘБО) психологтарымен оларға психологиялық зерделеу жүргізіледі.

5. Әскерге шақырылушыларды өтеусіз негізде дайындау ЖӘБО жолдамасы бойынша жүргізіледі.

6. Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауды жоспарлауды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы жүзеге асырады.

Өтеусіз және өтеулі негізде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлау бағдарламасы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы бастығының бұйрығымен бекітіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 29.10.2025 № 1509 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Өтеусіз негізде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша білім алуға жататын әскерге шақырылушылар аудандық (қалалық, облыстық маңызы бар қалалардың) әскерге шақыру комиссияларының хаттамалар кітабына осы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 мамырдағы № 620 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу қағидасының 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша енгізіледі.

8. Өтеусіз негізде оқыту үшін іріктелген әскерге шақырылушыларды жіберу ЖӘБО бұйрықтарымен ресімделеді, оларда тізімдік құрам, оқыту мерзімдері, білім алуға жататын мамандықтар және әскерге шақырылушыларды белгіленген жерге дейін жол жүруде қажетті тамақтандырумен қамтамасыз ету көрсетіледі.

9. Өтеусіз негізде білім алатын әскерге шақырылушылар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтеусіз негізде білім алатын әскери-техникалық және өзге де мамандарды даярлаудың қозғалысын есепке алу журналында есепке алынуға тиіс.

10. Көлік құралын басқаруға байланысты мамандықтар бойынша даярлауға жіберілген әскерге шақырылушылар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау

министрінің 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-172/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21557 болып тіркелген) Көлік құралдарын басқару құқығын алуға үміткер адамды медициналық қарап-тексеруден, механикалық көлік құралдары жүргізушісін қайта медициналық қарап-тексеруден өткізу қағидаларына сәйкес медициналық қарап-тексеруден өтеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 29.10.2025 № 1509 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. ҚР ҚМ мамандандырылған ұйымдарын өтеусіз негізде білім алатын әскери-техникалық мамандармен уақтылы және сапалы жасақтау ЖӘБО жүктеледі.

12. Әскерге шақырылушыларды әскери-техникалық және өзге де мамандар бойынша сапалы оқыту үшін жауапкершілік ҚР ҚМ мамандандырылған ұйымдарының басшылары жүктеледі.

13. Өтеусіз негізде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша оқыту үшін әскерге шақырылушыларды іріктеу оқу сабақтары басталғанға дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей аяқталады. Іріктеу аяқталғаннан кейін ЖӘБО оларға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсыным береді, сондай-ақ олардың негізгі жұмыс орнына хабарламаны жолдайды.

14. Әскерге шақырылушылар оқыту аяқталғаннан кейін жасақтаушы ЖӘБО өкілдерінің алып жүрулерімен тұрақты (уақытша) тіркелу және әскери есеп тұру орындары бойынша келеді.

Әскерге шақырылушыларды мамандандырылған ұйымның орналасқан жерінен тұрақты (уақытша) тіркелу және әскери есеп тұру орындарына дейін тасымалдау бойынша шығындар өтеусіз негізде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша дайындау құнының калькуляциясына енгізіледі.

15. Әскери-техникалық мамандықтар бойынша өтеусіз негізде білім алған әскерге шақырылушылар оқыту аяқталғаннан кейін әскери қызметке шақырылады немесе әскери міндеттілердің запасына есепке алынады.

3-тарау. Өтеулі негізде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша әскерге шақырылушыларды (әскери міндеттілерді) дайындау тәртібі

16. Өтеулі негізде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша дайындыққа мыналар:

денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды әскери міндеттілер;

денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды немесе шектеулі жарамды, соның ішінде әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылған жиырма төрт жастан жиырма жеті жасқа дейінгі әскерге шақырылушылар тартылады.

17. Өндірістен қол үздіріп өтеулі негізде даярлықтан өтетін әскерге шақырылушылардың (әскери міндеттілердің) оқыту кезеңінде жұмыс орны (лауазымы) сақталады.

18. Өтеулі негізде оқыту үшін іріктелген әскерге шақырылушыларды (әскери міндеттілерді) жіберу әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша дайындау үшін әскерге шақырылушылардың (әскери міндеттілердің) жиынтық тізімі бойынша осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

19. Өтеулі негізде білім алатын әскерге шақырылушылар (әскери міндеттілер) оқу үшін төлемді олардың ақша қаражатын ҚР ҚМ мамандандырылған ұйымының есептік шотына аудару жолымен жүргізеді.

20. Әскерге шақырылушыларға (әскери міндеттілерге) берілген далалық киім-кешек және басқа да мүліктік зат оқыту аяқталғаннан кейін мүлік қапшығына (сөмкесіне) салынады, мөрленеді және оның жауапкершілігіне беріледі.

4-тарау. Оқу-материалдық база, әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша дайындау тәртібі

21. Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша оқытуды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі (бұдан әрі - ҚР ҚМ) мамандандырылған ұйымдарына қажетті қару-жарақты, әскери техника мен әскери-техникалық мүлікті уақытша пайдалануға береді.

22. Әскери-техникалық мамандарды даярлау үшін жедел басқаруға берілетін автомобильдердің, шынжыр табанды тартқыштардың, броньды транспортерлердің, автомобиль крандарының, агрегаттардың, аппаратураның және басқа да техника мен мүліктің маркасы мен саны штатқа табельдермен айқындалады.

23. Жүргізуге және оқу процесін қамтамасыз етуге арналған автомобильдер, шынжыр табанды тартқыштар мен арнайы машиналар әскери нөмірлік, тану және айырым белгілерімен белгіленеді.

24. Қару-жарақ, техника мен мүлік қажетті техникалық құжаттамасымен бірге жұмыс істейтін, толық жиынтықталған күйде беріледі.

25. Тасымалдау төлемі бекітілген әскери бөлімдер мен мекемелер арқылы әскери тасымалдауларға ҚР ҚМ шығыстары ерекшелігі бойынша осы мақсаттар үшін бөлінетін ақшалай қаражат есебінен жүргізіледі.

26. Қару-жарақты, техника мен мүлікті базалардан, жабдықтылым органдарының қоймаларынан және әскери бөлімдерден (жөндеу зауыттарынан, шеберханалардан) жөнелту оларды ҚР ҚМ мамандандырылған ұйымдарының өкілдері қабылдап алғаннан кейін жүргізіледі. Жекелеген жағдайларда ҚР ҚМ жабдықтылым органдары бастықтарының нұсқауы бойынша ҚР ҚМ мамандандырылған ұйымдарының оқу кабинеттеріне (сыныптарына), зертханалары мен парктеріне қару-жарақты, техника мен мүлікті орнату (кұрастыру) үшін мамандар бөлінеді.

27. Қару-жарақты, әскери техника мен әскери мүлікті пайдалану Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің және Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы бастығының бұйрықтарына сәйкес жүзеге асырылады.

28. Қару-жарақты, техника мен мүлікті пайдалану мен жөндеуді ұйымдастыру машиналарды пайдалану мен жөндеудің жылдық және айлық жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады, оларға басшының орынбасары қол қояды және ҚР ҚМ мамандандырылған ұйымының басшысы бекітеді.

29. ҚР ҚМ мамандандырылған ұйымдарында қару-жарақты, техника мен мүлікті пайдалану, жөндеу және қызмет көрсету бойынша жоспар осы жұмыс учаскесі үшін жауапты лауазымды адамдармен әзірленеді.

30. Сәулеленуі бар радиоэлектрондық құралдарда (барлық мақсаттағы) жұмыс істеу Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығы бекіткен жиіліктерде шақыру белгілері мен бағыттар бойынша жүргізіледі.

31. Өтеулі негізде даярлық бағдарламасы аяқталғаннан кейін әскерге шақырылушылар (әскери міндеттілер) Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 25 тамыздағы № 870 Жарлығымен бекітілген Әскери ант қабылдау тәртібі туралы ережеге сәйкес әскери ант қабылдайды.

32. ҚР ҚМ мамандандырылған ұйымдары бөлімдердің тиісті командирлерімен және мекемелер бастықтарымен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары әскери бөлімдерінің, әскери оқу орындары мен мекемелерінің далалық оқу-жаттығу базасын пайдаланады.

5-тарау. Бітіру емтихандарын ұйымдастыру тәртібі

33. Оқуды аяқтағаннан кейін әскерге шақырылушылардың (әскери міндеттілердің) даярлық сапасын тексеру үшін бітіру емтихандары өткізіледі. Емтихандарды тапсыруға оқытудың толық курсынан өткен, оқыту бағдарламасымен көзделген барлық пәндер бойынша оң бағалар мен сынақтар алған әскерге шақырылушылар (әскери міндеттілер) жіберіледі.

34. Бітіру емтихандарына дайындалуға және тапсыруға оқу уақыты әскери-техникалық және өзге де мамандарды даярлау бағдарламасымен және ҚР ҚМ мамандандырылған ұйымының басшысы бекітетін оқу жоспарларымен айқындалады.

35. Бітіру емтихандарын қабылдау үшін емтихан комиссиялары құрылады. Емтихандық комиссия төрағасы болып бекітілген әскери бөлімнің немесе мекеменің өкілі тағайындалады.

Комиссия құрамына ЖӘБО өкілдері, гарнизонның әскери жол полициясының, ҚР ҚМ мамандандырылған ұйымының басшылығы енгізіледі.

Бітіру емтиханы комиссиясының дербес құрамы және оның жұмыс істеу мерзімдері ҚР ҚМ мамандандырылған ұйымы басқармасы басшысының бұйрығымен бекітіледі. Комиссия жұмысының жоспарын және тәртібін емтихандық комиссиясының төрағасы бекітеді.

36. Емтихан комиссиясы жұмысының қорытындылары осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша актімен (әрбір мамандық бойынша) ресімделеді, онда емтихандар нәтижелері, сондай-ақ әскери-техникалық және өзге де мамандарды даярлауды ұйымдастырудағы кемшіліктер, оларды жақсарту жөніндегі ұсыныстар көрсетіледі. Актіні ЖӘБО келіседі және ҚР ҚМ мамандандырылған ұйымы басқармасының басшысы бекітеді.

Бітіру емтихандарының қорытындылары бойынша ҚР ҚМ мамандандырылған ұйымы басқармасы басшысының бұйрығы шығарылады.

37. Оқу бітіру емтиханын табысты тапсырған, өтеулі негізде оқыған әскерге шақырылушыларға (әскери міндеттілерге) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымында оқуды бітіргені туралы сертификат (бұдан әрі – оқуды бітіргені туралы сертификат) беріледі.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 29.10.2025 № 1509 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. Бітіру емтихандарын табысты тапсырған өтеусіз негізде білім алған әскерге шақырылушыларға осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери-техникалық мектебін бітіргені туралы куәлік және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті мамандықтар бойынша ҚР ҚМ мамандандырылған ұйымы басшысының қолтаңбасымен және мөрлерімен куәландырылған көлік құралдарын жүргізу құқығына куәлік беріледі.

39. Оқу бітіру емтиханында "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған әскерге шақырылушыларға (әскери міндеттілерге) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери-техникалық мектебін бітіргені туралы куәлік не оқуды бітіргені туралы сертификат берілмейді.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 29.10.2025 № 1509 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. Бітіру емтихандарын тапсыруға оқу бағдарламасымен көзделген барлық пәндер бойынша оң бағалар және сынақтар алған әскерге шақырылушылар (әскери міндеттілер) жіберіледі.

41. "Қанағаттанарлықсыз" деген баға алған, сондай-ақ наукастануына немесе отбасы жағдайларына байланысты кесте бойынша бітіру емтихандарын тапсыруға қатыспаған өтеулі және өтеусіз негізде білім алған әскерге шақырылушылар (әскери

міндеттілер) ҚР ҚМ мамандандырылған ұйымы басқармасы басшысының бұйрығымен бекітілген күні емтихандарды қайта тапсыруға жіберіледі.

42. Көлік құралдарын басқарумен байланысты мамандықтар бойынша дайындықтан өткен әскерге шақырылушылар (әскери міндеттілер), сондай-ақ, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органда нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10056 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығымен бекітілген Емтихандарды қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларына сәйкес емтихандар тапсырады.

43. Әскери-есептік мамандықты оқуды бітіргені туралы сертификатқа және алынған мамандыққа сәйкес ЖӘБО айқындайды.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 29.10.2025 № 1509 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Азаматтарды әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша дайындау процесінің тәртібі Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы бастығының бұйрығына сәйкес ұйымдастырылады және қамтамасыз етіледі.

Әскери-техникалық және өзге де
мамандықтар бойынша даярлау
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Өтеусіз негізде оқитындардың әскери-техникалық және өзге де мамандарды даярлау қозғалысын есепке алу журналы

№ р/с	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Туған күні	Мамандық	Оқу кезеңі	Жергілікті әскери басқару органының атауы	Әскерге шақырылған күні және әскери бөлім немесе басқа шешім қабылданды)	(Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8
2							
3							
...							

Әскери-техникалық және өзге
де мамандықтар бойынша

Қорғаныс істері жөніндегі департаменттің бұрыштық мөртаңбасы

№ _____ нұсқама

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 28.10.2023 № 1100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Әскерге шақырылушы _____

— (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

_____ қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының шешіміне сәйкес Сіз 20_жылғы " _ "

_____ әскери-техникалық мамандығы бойынша даярлықтан өту үшін

_____ мекенжайы бойынша орналасқан
_____ қабылдандыңыз.

(Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мамандандырылған ұйымының атауы көрсетілсін)

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы негізінде Сіз 20__ жылғы " ____ " _____ сағат " ____ " сабаққа келуіңіз қажет.

Сабаққа қатысу міндетті болып табылады.

Сабақ _____ өткізілетін болады.

(әскерге шақыруды кейінге қалдырумен, сабақтың күндері мен сағаты көрсетілсін, күндізгі немесе кешкі уақытта)

_____ облысы қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы

_____ (әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні)

Әскери-техникалық және өзге де
мамандықтар бойынша даярлау
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша дайындау үшін әскерге шақырылушылардың (әскери міндеттілердің) жиынтық тізімі

(жергілікті әскери басқару органының атауы)

(Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мамандандырылған ұйымының атауы)

жасақтау үшін № _____ оқу
взводына

Мамандығы бойынша _____

Оқудың басталуы _____

Оқудың аяқталуы _____

Р/с №	Тегі, аты әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Туылған жылы, айы	Білімі	Жұмыс орны, мамандығы	Тұрақты (уақытша) тіркеу орны бойынша үй мекен-жайы
-------	--	----------------------	--------	--------------------------	--

Оқу взводы _____ адам құрамында 20 _____ жылғы " _____ "

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымын жасақтауға

жауапты _____

(жергілікті әскери басқару органының атауы)

өкілі _____

(әскери атағы, қолы, тегі, аты-жөнінің бас әріптері)

қатысуымен

Қабылдады: өкіл _____

(Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мамандандырылған ұйымының атауы,

қолы, тегі, аты-жөнінің бас әріптері)

Ескертпе: Жиынтық тізім алфавит бойынша құрылады.

Әскери-техникалық және өзге де
мамандықтар бойынша даярлау
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

"Келісілді"

"Бекітемін"

Бастығы _____
—

—
(жергілікті әскери басқару
органның атауы)

(қолы, тегі, аты-жөнінің бас
әріптері)
20__жылғы "___" _____
—

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс
министрлігі мамандандырылған
ұйымы
басқармасының басшысы

(қолы, тегі, аты-жөнінің бас
әріптері)
20__жылғы "___" _____

№__ акт

20__жылғы "___" _____ №_____ бұйрығымен тағайындалған мынадай
құрамдағы емтихан комиссиясы: төрағасы _____ комиссия
мүшелері

_____, _____

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мамандандырылған ұйымының
әскерге
шақырылушыларынан _____ мамандығы
бойынша
бітіру емтихандарын қабылдауды жүргізді.

Р/с №	Тегі, аты әкесін ің аты (бар болға н жағда йда)	Емтихан нәтижелері, бағалар, оқу пәндерінің атауы								Жалп ы баға	Жүргі зуші куәлігі	Мекте пті бітірге н і турал ы куәлік (серти фикат)	Алған ы турал ы қол қою
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14

Барлық білім алған _____ адам.
Емтиханға жіберілген _____ адам. _____ %
Емтихан тапсырған _____ адам. _____ %
олардың ішінде: өте жақсы _____ адам. _____ %
жақсы _____ адам. _____ %
қанағаттанарлық _____ адам. _____ %
қанағаттанарлықсыз _____ адам. _____ %
орташа балл _____

Ескертпе _____

Ұсыныстар _____

Комиссия төрағасы: _____

Комиссия мүшелері: 1. _____

2. _____

М.О.

Актімен таныстым:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі
мамандандырылған ұйымының басшысы

қолы тегі және аты-жөнінің бас әріптері

"Келісілді"

Бастығы _____

(жергілікті әскери басқару
органның атауы)

(қолы, тегі және аты-жөнінің бас
әріптері)

20__жылғы "___" _____

—

№__ акт

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мамандандырылған ұйымы
басқармасы басшысының 20__жылғы "___" _____ №__

бұйрығымен

тағайындалған мынадай құрамдағы емтихан комиссиясы: төрағасы

_____ комиссия мүшелері

_____, _____

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымында _

_____ мамандығы бойынша оқытылған _____ взводының
әскерге

шақырушыларынан (әскери міндеттілерінен) 20__жылғы "___" _____

_бітіру

емтихандарын қабылдауды жүргізді

		Емтихан нәтижелері			
--	--	--------------------	--	--	--

Р/с №	Тегі, аты әкесі нің аты (бар болғ а н жағд айда)	Бағалар												Жал пы баға (орта ша)	Мект епті бітір гені тура лы куәлі к (серт ифик ат)	Алға ны тура лы қол қою
		Оқу пәнінің атауы														
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17

Барлық білім алған _____ адам.

Емтиханға жіберілген _____ адам. _____ %

Емтихан тапсырған _____ адам. _____ %

олардың ішінде: өте жақсы _____ адам. _____ %

жақсы _____ адам. _____ %

қанағаттанарлық _____ адам. _____ %

қанағаттанарлықсыз _____ адам. _____ %

орташа балл _____

Ескертулер _____

Ұсыныстар _____

Комиссия төрағасы: _____

Комиссия мүшелері: 1. _____

2. _____

М.О. _____ Актімен таныстым:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі
мамандандырылған ұйымының басшысы

_____ қолы тегі және аты-жөнінің бас әріптері

Әскери-техникалық және өзге де
мамандықтар бойынша
дайындық қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымында оқуды бітіргені туралы сертификат

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 29.10.2025 № 1509 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ



Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігінің
мамандандырылған ұйымында
оқуды бітіргені туралы
сертификат

Сертификат
об окончании обучения
в специализированной организации
Министерства обороны
Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі
№ А 000001 СЕРТИФИКАТ

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))
_____ берілді
ол 20__ ж. «__»__ бастап 20__ ж. «__»__ дейінгі
кезеңде _____

_____ (мекеменің атауы)
_____ жанындағы
_____ (курстың атауы)
_____ (мамандықтың атауы)
_____ мамандығы бойынша бітірді

Филиал директоры
_____ (қолы, инициалы, тегі)

Хатшы: _____
(қолы, инициалы, тегі)

20__ ж. «__»__
М.О.

Министерство обороны Республики Казахстан
СЕРТИФИКАТ № А000001

Выдан _____
(фамилия, имя, отчество (при его наличии))
в том, что он окончил _____
(наименование курсов)

при _____
(наименование учреждения)

в период с «__»__ 20__ г. по «__»__ 20__ г.
по специальности _____
(наименование специальности)

Директор филиала
_____ (подпись, фамилия и инициалы)

Секретарь: _____
(подпись, фамилия и инициалы)

«__»__ 20__ г.
М.П.

Әскери-техникалық және өзге де
мамандықтар бойынша даярлау
қағидаларына
6-қосымша
Нысан



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІНІҢ
ӘСКЕРИ-ТЕХНИКАЛЫҚ МЕКТЕБІН
БІТІРГЕНІ ТУРАЛЫ
КУӘЛІК

СВИДЕТЕЛЬСТВО
ОБ ОКОНЧАНИИ
ВОЕННО-ТЕХНИЧЕСКОЙ ШКОЛЫ
МИНИСТЕРСТВА ОБОРОНЫ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Куәлік № 000001

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)
п. ____ ж. ____ ж.

арапшада ҚР ҚМ ӘТМ-де _____ мамандығы бойынша оқығаны туралы берілді.
Оқу кезінде мемлекеттік пәндерді меңгерді және баға алды.

Пән атауы	Бағасы
1.	
2.	
3.	
4.	
5.	
6.	
7.	
8.	
9.	

Бітіру сынықтарынан тапсырды

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

ҚР ҚМ ӘТМ филиал директорының
п. ____ ж. № ____ бұйрығымен

мамандығы берілді

Қолы _____
МҚ _____
_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

Свидетельство № 000001

Выдано _____ (фамилия, имя, отчество)
о том, что он (она) обучался(-лась) в ВТШ МО РК по специальности _____ т. по « ____ » г.

За время учебы изучил следующие предметы и получил оценки

Наименование предмета	Оценки
1.	
2.	
3.	
4.	
5.	
6.	
7.	
8.	
9.	

Сдал выпускные экзамены

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

Приказом директора филиала ВТШ МО РК № _____ от ____ г. присвоена квалификация _____

Подпись _____
МП _____
_____ (фамилия и инициалы)

Әскери-техникалық және өзге де
мамандықтар бойынша даярлау
қағидаларына
7-қосымша

	 Жанар-жағармай материалдарын құю, тасымалдау және айдау құралдары жүргізушісінің куәлігі Удостоверение водителя средств заправки, транспортировки и перекачки горюче- смазочных материалов
--	---

Куәлік АС№ 0000001 Место для фото _____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған кезде)) МО _____ Оған «____» _____ 20__ ж. ҚР ҚМ ӨТМ _____ филиалында _____ мамандығы бойынша оқығаны туралы берілді. Емтихандық комиссия шешімімен _____ (тегі, аты-жөні, әкесінің аты (ол бар болған кезде)) _____ мамандығы берілді. ҚР ҚМ ӨТМ филиал директорының «__» _____ 20__ ж. № _____ бұйрығымен _____ қызмет көрсетуге жіберілді. (машина, объект типі) ҚР ҚМ ӨТМ филиалының директоры _____ (қолы, тегі және аты-жөні)	Удостоверение АС№ 0000001 Выдано _____ (фамилия, имя, отчество (при его наличии)) О том, что он (она) обучался(-лась) в _____ филиале ВТШ МО РК по специальности _____ «__» _____ 20__ г. Решением экзаменационной комиссии _____ (фамилия, имя, отчество(при его наличии)) присвоена квалификация _____ Допускается к обслуживанию _____ (тип машины, объекта) приказом директора филиала ВТШ МО РК № _____ от «__» _____ 20__ г. Директор филиала ВТШ МО РК _____ (подпись, фамилия и инициалы)
---	--



**Краншының (автокраншының)
куәлігі**

**Удостоверение
крановщика (автокрановщика)**

Куәлік АС№ 0000001

Место
для фото

МО

(тегі, аты, әкесінің аты
(ол бар болған кезде))

Оған «___» _____ 20__ ж.
ҚР ҚМ ӨТМ _____ филиалында

_____ мамандығы бойынша оқығаны туралы берілді.

Емтихандық комиссия шешімімен

(тегі, аты-жөні, әкесінің аты (ол бар болған кезде))

_____ мамандығы берілді.

ҚР ҚМ ӨТМ филиал директорының
«___» _____ 20__ ж. № _____ бұйрығымен

_____ басқаруға жіберілді.
(машина, объект типі)

ҚР ҚМ ӨТМ филиалының директоры _____
(қолы, тегі және аты-жөні)

Удостоверение АС№ 0000001

Выдано _____
(фамилия, имя, отчество (при его наличии))

О том, что он (она) обучался(-лась)
в _____ филиале ВТШ МО РК

по специальности _____

«___» _____ 20__ г.

Решением экзаменационной комиссии

(фамилия, имя, отчество (при его наличии))

присвоена квалификация _____

Допускается к управлению _____

(тип машины, объекта)

приказом директора филиала ВТШ МО РК № _____
от «___» _____ 20__ г.

Директор филиала ВТШ МО РК _____
(подпись, фамилия и инициалы)



Механик-жүргізушінің
(ЖБ-КТ, УАТ-Ж (АТ-А)
куәлігі

Удостоверение
механика-водителя
(МТ-ЛБ, БАТ-М (АТ-Т))

Куәлік АСН№ 00000001



Место
для фото

МО

(тегі, аты, әкесінің аты
(ол бар болған кезде))

Оған «__» __ 20__ ж.
ҚР ҚМ ӨТМ _____ филиалында

мамандығы бойынша оқығаны туралы берілді.

Емтихандық комиссия шешімімен

(тегі, аты-жөні, әкесінің аты (ол бар болған кезде))

мамандығы берілді.

ҚР ҚМ ӨТМ филиал директорының
«__» __ 20__ ж. № _____ бұйрығымен

басқаруға жіберілді.

(машина, объект типі)

ҚР ҚМ ӨТМ филиалының директоры _____
(хоты, тегі және аты-жөні)

Удостоверение АСН№ 00000001

Выдано _____
(фамилия, имя, отчество (при его наличии))

О том, что он (она) обучался(-лась)
в _____ филиале ВТШ МО РК

по специальности _____

«__» __ 20__ г.

Решением экзаменационной комиссии

(фамилия, имя, отчество (при его наличии))

присвоена квалификация _____

Допускается к управлению _____

(тип машины, объекта)

приказом директора филиала ВТШ МО РК № _____
от «__» __ 20__ г.

Директор филиала ВТШ МО РК _____
(подпись, фамилия и инициалы)